

Автомотокөлік құралдарына және олардың тіркемелеріне мемлекеттік техникалық тексеру өткізуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2004 жылғы 13 ақпандағы N 50/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 25 ақпанда N 2314 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1999 жылғы 20 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарына мемлекеттік техникалық тексеру өткізуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар туралы" N 1206 қаулысын орындау үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстың ішкі істер басқармасы (келісім бойынша):

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы "Автомотокөлік құралдарына және олардың тіркемелеріне мемлекеттік техникалық тексеру өткізу Ережесін бекіту туралы" N 5876ұйрығына сәйкес автоматокөлік құралдарына және олардың тіркемелеріне жыл сайынғы мемлекеттік техникалық тексеруді өткізу қамтамасыз етсін;

жыл сайын, 20 қарашаға дейін, мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша облыс қаржы ұйымдарына белгіленген нысандағы жиынтық есепті ұсынатын болсын.

2. Коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті, қалалар мен аудандар әкімдері ішкі істер органдарына автоматокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне мемлекеттік техникалық тексеру өткізуде көмек көрсететін болсын.

3. Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы "2003 жылы автоматокөлік құралдарына және олардың тіркемелеріне мемлекеттік техникалық тексеру өткізуді ұйымдастыру туралы" N 18/2 қаулысының (2003 жылғы 27 ақпандағы 1660 МТН) күші жойылған деп есептелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф.Вербнякқа жүктелсін.

Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов

Келісілді:

О б л ы с і ш к і і с т е р
басқармасының бастығы М.Тұмарбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ